

IMS-4

пайдаланушы нұсқаулығы



Мазмұны

Кіріспе_____	1	Музыка каталогы_____	9
Артқы панелі_____	2	Ойнату_____	10
Алдыңғы панелі_____	2	Суретті жүктеу_____	10
ЖД түсті матрица_____	3	Пайдаланушы қондырғылары_____	10
Шығу көздерін IMS-4 құрылғысына қосу_____	3	Анықтама_____	10
IMS-4 құрылғысына қосылу_____	4	Онлайн қолдау көрсету_____	10
BluOS қолданбасында шарлау_____	4	Қолдау көрсету сұрауын жіберу_____	10
iOS және Android қолданбасы_____	4	Жаңартуларды тексеру - ойнатқыш_____	11
Windows және Mac қолданбасы_____	5	Жаңартуларды тексеру - басқару құралы_____	11
Негізгі функцияларды пайдалану_____	6	Таңбашалар_____	11
Android және iOS қолданбалары_____	6	Ойнатқышты қосу_____	11
Windows және Mac қолданбасы_____	6	Диагностика_____	11
Кеңейтілген қолдануы_____	7	Ақпарат_____	11
Параметрлері_____	7	Зауыптық параметрлерді қалпына келтіру_____	11
Дабылдар_____	7	Техникалық сипаттамалар_____	12
Ұйқы режимі таймері_____	8		
Есік қоңырауы_____	8		
Ойнатқыш_____	8		

Кіріспе

IMS-4 музыкалық ағын құралының қарапайым дизайны оны кез-келген пайдаланушының орнату жобасына оңай қосуға мүмкіндік береді. Оның жіңішке пішіні сөре кеңістігінде бар болғаны 1U орын алуын қамтамасыз етеді.


BluOS жүйесі IMS-4 құрылғысына сапасын жоғалтпай ағынды музыканы 24 бит/ 192 кГц сапасында үй желісінің 4 аймағына жеткізуге мүмкіндік береді. Қолданба немесе көптеген қолдау көрсетілетін интеграцияланған басқару жүйелерінің бірі арқылы IMS-4 ағындарын 64 аймаққа дейін қамтамасыз ететіндей біріктіруге болады және әр аймақтағы ойынын тамаша үндестіруге болады. Ол сонымен қатар бөлек аймақтарда бір уақытта өртүрлі ағындарды ойната алады.

Музыканы үйдің кез-келген жерінде орындаушы көздегендей дәл есту үшін, IMS-4 құрылғысы BluOS технологиясын қолдана отырып, миллиондаған расталған жоғары сапа (Master Quality Authenticated (MQA)) жазбаларына қол жеткізе алады.

Әуеннің дауысын күшейту үшін IMS-4 біз шығаратын IA150-8C сияқты орнатылатын дыбыс күшейткішімен қосымша жабдықталу керек. IMS-4 құрылғысы Crestron, Control4 және RTI құрылғыларымен біріктірілуі мүмкін және басқа BluOS қосылған құрылғылармен үйлесімді.

Аналогтық және сандық кірістері кабель қорапшасын немесе басқа желілік емес көздерді қосуға және оларды әр аймақта қол жетімді етуге мүмкіндік береді. IMS-4 құрылғысында тіпті есік қоңыраулары мен өрт дабылдарын естуге мүмкіндік беретін жүйелік үзіліс функциясы да қамтылған.


Артқы панель



1. 4 x оң жақ және сол жақ аналогтық шығыстары
Күшейткіштердегі аналогтық кірістерді жалғайды
2. Оң жақ және сол жақ аналогтық кірісі
Бұл аналогтық шығу көзінің кірісі
3. 4 x оптикалық және коаксиалды сандық шығыстар
Күшейткіштердегі оптикалық немесе коаксиалды кірістерге жалғау
4. Сандық кіріс
Шығу көзінің оптикалық сандық шығысына жалғайды
5. LAN және USB кірісі
IMS-4 құрылғысын жергілікті желіге қосу үшін роутер немесе ауыстырып-қосқыштан Ethernet кабелін жалғаңыз.

USB кірісін жергілікті сақталған музыка файлдары бар USB дискісін қосып таңдалған бөлмеде ойнату үшін пайдалануға болады.
6. Қалпына келтіру (Reset)
Бұл зауыттық параметрлерді қалпына келтіру түймесі. Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру туралы ақпаратты 12-беттен қараңыз.
7. Тек қызмет көрсету үшін
Бұл шағын USB ұяшығы мен түймесі тек қызмет көрсетуге арналған және оны тек білікті мамандар қолдана алады
8. 12 В триггер
IMS-4 құрылғысын қашықтықтан қосу және өшіру үшін шығысты басқа 12 В триггерінен қосыңыз. Триггер жұмыс істеуі үшін ауыстырып қосу қосқышын қосу керек. Бұл шығыс 12 В триггер кірісі болса ғана жұмыс істейді.
9. Инфрақызыл кірісі
Негізгі пәрмендерін үйрету үшін тиісті ИҚ қабылдағышын IMS-4 құрылғысына жалғаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін 9-бетті қараңыз.
10. Жүйе үзілісі
Есік қоңырауының дыбысын қосу үшін АТ немесе ТТ жүйелеріне жалғаңыз немесе өрт дабылына жалғанған болса, жүйенің дыбысын өшіріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін 8-бетті қараңыз.
11. Желілік кіріс кернеуі
Берілген, стандартты 3 істікті (жерге тұйықталған) IEC электр сымды пайдаланып, желіге қосылымдар жасалған.

Алдыңғы панель





1. Қуат түймесі
IMS-4 құрылғысының қуатын ауыстырып қосу үшін пайдаланылады. Бір рет басса құрылғы қосылады және 5 секундтай ұстап тұрса күту режиміне өтеді - 5 секундтан кейін жарық диоды өшеді.
2. Күйдің жарық диодты индикаторы
IMS-4 құрылғысының күйін көрсетеді. Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі кестені қараңыз.

ЖД түсті матрица

ЖД ЖЫПЫЛЫҚТАУ КОДЫ	СИПАТТАМА
Тұрақты қызыл	Жүктеу
Тұрақты ақшыл көк	Индекстеу
Тұрақты көк	Желіге қосылған – Bluesound қолданбасымен пайдалануға дайын
Жыпылықтайтын жасыл	Интернет шлюзі жоқ
Кезектесіп жыпылықтайтын қызыл және жасыл	Жаңарту режимі
Жыпылықтайтын қызыл	Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру орындалуда

Сөреде орнату

IMS-4 құрылғысын стандартты 19 дюймдік жабдық сөресіне орнату үшін алдымен сөреге арналған бекіту кронштейндерін орнату керек. Мұны екі жағынан 4 бұранданы алып тастау арқылы жасауға болады, содан кейін кронштейндерді пайда болған тесіктердің үстіне қойып, кронштейндерді бекіту үшін сол бұрандаларды қолданыңыз.



Шығу көздерін IMS-4 құрылғысына жалғау

IMS-4 құрылғысын электр желісіне және желіге қоспас бұрын өзіңіздің шығу көздеріне қосыңызға болады. Дара сандық оптикалық, стерео аналогтық RCA және USB көздерін қосыңызға болады. Олардың барлығын қолданбалардың бірі арқылы конфигурациялауға болады.

IMS-4 құрылғысын қосу

IMS-4 құрылғысы IEC электр желілік кабелімен қамтамасыз етіледі. Электр кабелін қабырға розеткасына, ал екінші ұшын IMS-4 құрылғысына қосыңыз. Электр желісіне қосылған кезде, алдындағы түймені басып IMS-4 құрылғысын қосуға болады.



ЕСКЕРТПЕ: Барлық жүйелік қосылымдарын орнатып болмай, қабырғадағы розеткада қуатты қоспаңыз.

IMS-4 құрылғысын өшіру үшін қуат түймесін 5 секундтай немесе жарық диоды өшкенше басып тұрыңыз.

Желіге қосылу

Егер IMS-4 қуаты қосылған болса және Ethernet кабелі арқылы желіге қосылмаса, алдыңғы жағындағы жарық диоды жасыл түспен жыпылықтайды. Оны желіге қосу үшін төмендегі қарапайым әрекеттерді орындаңыз:

1. Ethernet кабелін роутерден/ ауыстырып-қосқыштан IMS-4 құрылғысына қосыңыз.
2. IMS-4 құрылғысын қосыңыз (егер ол қосылмаған болса). Жарық диоды ашық қызыл түстен > бозғылт қызыл> қою көк түске өзгереді.

Егер түсі көк болып жанбаса және жасыл түсті болып жыпылықтаса, онда желіге қосылмағанын білдіреді. Қосылымдарын екі жағынан да тексеріп, роутер/ ауыстырып-қосқыштың қосылып тұрғанын тексеріңіз. Немесе ақаулықтарды жою нұсқаулығын қараңыз.

IMS-4 құрылғысына қосылу


IMS-4 құрылғысына қосылмас бұрын алдымен платформаңызға (Windows, Mac, Android, iOS) BluOS серіктес қолданбасын жүктеп алу керек.

1. Орнатылғаннан кейін, IMS-4 құрылғысын қосыңыз (егер ол қосылмаған болса) және қолданбаны бірінші рет іске қосыңыз. Ол желідегі IMS-4 құрылғысын іздеуден басталуы керек.
2. Алғашқы пайдалану кезінде мобильді қосымшаны қолдануға кеңес береміз, себебі ол сізден әр бөлмені реттеуді сұрайды. Әр бөлме бөлек ойнатқыш ретінде қарастырылады. Бірінші бөлмеде ол жаңартуларды тексереді (қолжетімді болса, оларды орнатыңыз) және оны желіде конфигурациялайды. Қалған 3 бөлме тезірек қосылады.


Қаласаңыз, осы қадамда бөлмелердің атын өзгертуге болады. Әдепкі бойынша олар құрылғы нұсқасына, содан кейін MAC мекен-жайының соңғы 4 санына, содан кейін бөлмеге байланысты нөмірге ие болады мысалы IMS-4-xxxx-2.

BluOS қолданбасында шарлау

iOS және Android қолданбасы



1. Мәзір
Шығу көзі мен параметрлер (settings) мәзірін шақырады. 5-беттері 1-11 элементтерді қараңыз.
2. Дыбыс деңгейі
Таңдалған бөлменің дыбыс деңгейін реттейді.
3. Бөлме таңдаулары
Ағымдағы желідегі қолжетімді бөлмелер тізімін шығарады.



1. Менің ойнату тізімім
Арнайы жасалған ойнату тізімін таңдаңыз.
2. Менің алдын ала орнатылған параметрлерім
Кірістер немесе сақталған интернет радио станцияларын қамтитын жеке алдын ала орнатылған параметрлерді таңдаңыз.
3. Сүйікті өндерім
Сүйікті өндеріңіз арасынан таңдаңыз.
4. USB кірісі
Таңдалған бөлме үшін USB кірісін таңдайды.
5. Аналогтық кіріс
Таңдалған бөлме үшін аналогтық кірісті таңдайды - Таңдалған кезде басқа бөлмелерде көрсетілмейді.
6. Оптикалық кіріс
Таңдалған бөлме үшін сандық оптикалық кірісін таңдайды - Таңдалған кезде басқа бөлмелерде көрсетілмейді.
7. Tunes
Таңдалған бөлме үшін Tunes радиосын таңдайды.
8. Paradise радиосы
Таңдалған бөлме үшін Paradise радиосын таңдайды.
9. Музыка қызметтері
Барлық басқа қолжетімді музыка қызметтерінің тізімін көрсетеді.
10. Параметрлер
IMS-4 құрылғысы үшін қолжетімді барлық параметр опцияларын шығарады.
11. Анықтама
Онлайн қолдау, микробағдарлама жаңартулары мен басқа ақпарат мақалаларына қатынасуды қамтамасыз етеді.
12. Қазір ойнатылуда
Оны басқанда ағымдағы таңдалған бөлме мен ондағы ойнатылатын өндер шығады. Сонымен қоса ағымдағы ойнап жатқан суреттің нобайы болады.
13. Бөлменің басқару элементтері
Таңдалған бөлмеде ағымдағы ойнап тұрған тректі басқаратын таңбаша.
14. Бөлме таңдаулары
Қолжетімді бөлмелер тізімінде басқарылатын бөлмені таңдаңыз.
15. Дыбыс деңгейін басқару
Таңдалған бөлменің дыбыс деңгейін басқарады. Дыбыс деңгейі орнатылған кезде, оны реттеуге болмайды.
16. Кезекті ойнату
Ағымдағы ойнату кезегінде тректерді көрсетеді. Бұл тұрақты көрініс үшін бір жағына орнатылуы мүмкін.

Негізгі функцияларды пайдалану

Android және iOS қолданбалары

Ойнатқыштар/ бөлмелер орнатылғаннан кейін ("IMS-4 құрылғысына қосылу" тарауын қараңыз"), IMS-4 құрылғысын жалпы пайдалану үшін және бөлмелерде музыканы ойнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Бөлмені таңдау (Room Selection) түймесін басу арқылы басқаратын бөлмені таңдаңыз (4-ші беттегі 3-тармақ).
2. Қазіргі уақытта таңдалған кірісті көрсету үшін экранды солдан оңға қарай сырғытыңыз.
3. Осы бөлме үшін қажетті шығу көзін таңдау үшін Мәзір (Menu) түймесін басыңыз (4-беттегі 1-тармақ).

Бірнеше бөлмелерде бірдей кірісті таңдау үшін оларды сәйкес бөлменің жанындағы + белгішесін басу арқылы топтастыру керек.

4. Қолжетімді қызметтердің тізімін ашу үшін "Музыка қызметтері" ("Music Services") белгішесін басу арқылы музыка қызметтерін қосуға болады. TuneIn Radio және Radio Paradise функциялары әдепкі бойынша тізімге қосылған.

Windows және Mac қолданбасы

1. Бөлмені таңдау (Room Selection) түймесін басу арқылы басқаратын бөлмені таңдаңыз.
2. Сол жақтағы навигация тақтасында кіріс көзін басу арқылы кірісті таңдаңыз.

Бірнеше бөлмелерде бірдей кірісті таңдау үшін оларды сәйкес бөлменің жанындағы + белгішесін басу арқылы топтастыру керек.


3. Қолжетімді қызметтердің тізімін ашу үшін "Музыка қызметтері" ("Music Services") белгішесін басу арқылы музыка қызметтерін қосуға болады. TuneIn Radio және Radio Paradise функциялары әдепкі бойынша тізімге қосылған.

Кеңейтілген функцияларын пайдалану

Бұл бөлім қолданбалардың кеңейтілген функцияларын пайдалануға бағыт береді. Лездік суреттер жұмыс үстелі қолданбасынан алынды, бірақ мобильді қосымшалардың мәзірінде ұқсас опциялар бар.



Параметрлер

Өзгерістер қажет бөлмеде жасалынатынын тексеріңіз. Осы жердегі барлық мысалдарда біз 1-ші бөлмеге қараймыз.




Дабылдар

Дабылды орнату және конфигурациялау үшін Дабылдар (Alarms) опциясын таңдаңыз. "Дабылды қосу (Add Alarm)" опциясына басыңыз, осы жерде тиісті дабылды орнатуға болады.



Ұйқы режимі таймері


Ұйқы режимі таймері (Sleep Timer) опциясын басу арқылы, бөлме 15 минуттық аралығымен ойнайтын уақыт кезеңін таңдауға болады.



Есік қоңырауы

IMS-4 құрылғысында есік қоңырауы үшін кідіріс жасау жүйесі орнатылған. Бұл өрт дабылы жүйені өшіруді қажет ететін коммерциялық қолданбаларды орнату үшін өте ыңғайлы. Сонымен қатар, оны есіктегі қоңырау құралына орнату мүмкіндігі бар ақылды есік қоңырауларымен бірге пайдалануға болады. Бұл функция үшін есік қоңырауларын шығаратын өндірушінің сымдар конфигурациясын қараңыз.

Мұнда әр бөлме үшін дыбыс деңгейін бақылаумен бірге әр түрлі қоңырау үндерін орнатуға болады.



Ойнатқыш

Мұнда сіз өнімнің ембебап параметрлерін орната аласыз және қазіргі уақытта таңдалған бөлменің атын өзгерте аласыз.



Шығу көздерінің параметрлерін орнату

Бұл шығу көзінің атауын өзгертуге, белгішесін өзгертуге, AV режимін қосуға, фонограмма (Lip-sync) функциясын реттеуге және шығу көзін жасыруға мүмкіндік береді.

Аудио

Бұл әрбір таңдалған бөлме үшін дыбыстың бапталуын іске қосады:

- Тонды басқару бас және жоғары жиіліктің күшеюінің/басылуының +/-6 дБ береді.
- Дыбысты теңестіру, түрлі жазбалар түрлі дыбыс деңгейінде болғанда мәселені түзетеді. Сандық файлға енгізілген дыбысты теңестіру параметрлерін пайдаланып, дыбыс параметрлерін реттеуге болады. Дыбысты теңестіру режимдері тиісті дыбыс деңгейлерін таңдау үшін аудио файлдардың дыбысты реттеу метадеректерінің тегтерінің көлемімен жұмыс істейді.



Бар болса, олар әндер, альбом немесе жеке тыңдау үшін параметрлерге байланысты түрлі көлем реттеулері болып табылатын не Трек күшеюі не Альбом күшеюі болады. Трек күшеюі бір ән, ал Альбом күшеюі толық жазба болып табылады. Смарт күшеюі әрбір файл үшін ең жақсы дыбыс деңгейін автоматты түрде таңдайды, барлық файлдар жазбаға тәуелсіз шамамен бірдей дыбыс деңгейінде ойнатылады. Ол сіздің барлық аудио файлдарыңыздың бастапқы сапасын сақтап қалу үшін Трек күшеюі немесе Альбом күшеюінің тіркесімін пайдаланады.

- Шығыс режимі, шығысты моно, стерео, жай сол жақ немесе жай оң жақ арна қылып орнатады.
- Орнатылған шығыс деңгейі, дыбыс деңгейін басқару тетігі бұрыннан бар шығу көзі бар IMS-4 құрылғысын пайдаланған кезде оңтайлы болатын шығыс деңгейін орнатады.
- Дыбыс деңгейінің шектеулері, таңдалған бөлменің максималды шығысын шектеуге мүмкіндік береді. Ол шығыс деңгейі орнатылған кезде өшеді.

ИҚ қашықтан басқару пульті

Мұнда BluOS қашықтан басқару пультіні қосуға/өшіруге және қай арнаға таратуды таңдауға болады.

Сонымен қоса, IMS-4 құрылғысының ИҚ қашықтан басқару пультінен пәрмендерді оқуға болатындай ИҚ қабылдағышын қосу мүмкіндігі бар (телевизор, күшейткіш, Blu Ray ойнатқышы және т.б.).

Бұл кіріс қашықтан IMS-4 құрылғысын басқару үшін ИҚ (инфра қызыл) сигнал күшейткішінің (Xantech немесе ұқсас) шығысына немесе басқа құрамдастың ИҚ шығысына жалғанған. ИҚ ІН арқылы IMS-4-ке ИҚ қашықтан басқару пәрмендерін бағдарламалау үшін, BluOS App қолданбасының Параметрлер (Settings) мәзіріне өтіп, ойнатқышты және сосын ИҚ қашықтан басқару пультіні таңдаңыз. ИҚ қашықтан басқару пульті (IR Remote) мәзірінен қажетті функцияны таңдап, ИҚ қашықтан басқару пультіні ИҚ сигнал күшейткішіне бағыттап, осы функцияны орындау үшін түймені басыңыз. Сәтті болса, бағдарламаланған функцияның артында құсбелгі пайда болады.

Бөлме атауы

Мұнда бөлменің атауын өңдеуге болады.

Индикатор жарықтығы

Бұл алдыңғы ЖД қарқындылығын реттейді.

Ойнату тізімдерінің сақтық көшірмесін жасау

Мұнда, сүйікті ойнату тізімдерінің сақтық көшірмесін жасауға болады. Ойнату тізімдері сирек жағдайларда уақыт өте бұзылуы мүмкін. Уақыт өте жасалған ірі ойнату тізімдері мен микстердің біржолата жоғалуын болдырмау үшін ойнату тізімдерінің сақтық көшірмелерін USB жетегіне немесе жад картасына сақтауға болады. Ойнату тізімдерінің сақтық көшірмелерін жасау сонымен қоса зауыттық параметрлерді қалпына келтірген кезде оларды бірден қалпына келтіруге болатынын білдіреді. Ол туралы ақпаратты алу үшін <https://support.bluos.net/hc/en-us/mkenжайында> “Ойнату тізімдерінің сақтық көшірмесін жасау” (“Backup Playlists”) үшін BluOS қолдау көрсету беттерін іздеңіз



Музыка каталогы

Мұнда жергілікті желідегі және жергілікті қосылған USB құрылғыларындағы каталогты конфигурациялауға және іздеуге болады.

Осы туралы қосымша анықтаманы және ақпаратты алу үшін, BluOS каталогының анықтама бетіне өтіңіз:

<https://support.bluos.net/hc/en-us/sections/360000011607-My-Library>

Ақаулықтарды жою үшін немесе USB мазмұнына жасалған өзгерістерді алмаған жағдайда USB құрылғыларында сақталған музыка жинағын қайта нөмірлеу қажет болуы мүмкін. Оны құрылғыны қайта нөмірлеу арқылы шешуге болады.



Автоматты толтыру

Автоматты толтыруды (Auto fill) іске қосу ағымдағы ойнату тізіміне әндерді автоматты түрде қосады.

Жергілікті каталогқа немесе сүйікті музыка қызметіне өтіп, тыңдағыңыз келген әнді басыңыз. Ол бірден ойнай бастайды. Автоматты толтыру (Auto fill) таңдалған әннен кейінгі барлық тректерді қосу арқылы Ойнату кезегін автоматты түрде толтырады. Автоматты түрде толтырылған әндер ұсынылған тректер ретінде оңай табылу үшін қолданбада бөлектеледі.

Басқа әнді тыңдау үшін, оны басып қалсаңыз ол бірден ойнатылады. Ол Ойнату кезегінің жанында болады және Автоматты толтыру жаңадан таңдалған әннен кейінгі барлық тректерді қосады. Тек алдында ойнатылған әндер Ойнату кезегінің жоғарғы жағында қалады.

Ағымдағы әнді үзбей Ойнату кезегіне әнді немесе бір уақытта бірнеше әнді қосқыңыз келе ме? BluOS қолданбасы оны да жасай алады. Әннің оң жағындағы Қосымша (More) индикаторын бассаныз, Контекстік (Context) мәзір пайда болады. Ойнату кезегіндегі ағымдағы орынды бірден іске қосу үшін Қазір ойнату (Play Now) опциясын таңдаңыз, ағымдағы әннен кейін кезекке қою үшін Келесіні қосу (Add Next) опциясын таңдаңыз немесе Ойнату кезегінің жоғарғы жағына әнді қосу үшін Соңғыны қосу (Add Last) опциясын таңдаңыз. Барлық Автоматты толтыру әндері Ойнату кезегінен алынады.

Автоматты толтыру бетіндегі қоқыс жәшігінің белгішесін таңдау арқылы Ойнату кезегінен автоматты толтырылған әндерді алып тастауға болады.

Әндер ұнады ма? Ағымдағы Ойнату кезегін кейін тағы тыңдауға оңай болу үшін Ойнату тізімі ретінде сақтауға болады. Сақтау үшін сақтау белгішесін таңдап, Ойнату тізімінің атауын енгізіңіз. Ойнату кезегінде әлі ойнатылмаған автоматты толтырылған әндер сақталмайды.

Ағымдағы ойналатын тректің әлі ойналатын 40 секунд қалса, ұсынылған тректер Келесіні ойнату (Play Next) опциясы ретінде Автоматты толтыру бөліміндегі Ойнату кезегіне қосылады.

Параметрлер (Settings) мәзірінде, Ойнатуда Автоматты толтыруды қосу (Enable Auto fill) опциясын өшіруге болады. Бұл ағымдағы пайдаланылатын смартфон немесе планшет үшін Пайдаланушы қолданбасының арнайы таңдау параметрі.

DSD ойнату

Осы мүмкіндікті қосып, IMS-4 құрылғысын жергілікті компьютерге немесе USB жалғанған қатты дискісіне бағыттаған кезде, IMS-4 құрылғысы ойнату үшін кез келген DSD файлдарын FLAC файлдарына түрлендіреді.

Суретті жүктеу

Мұны таңдау жалғанған USB және желі құрылғыларындағы барлық альбом суреттерін қайта жүктеп алады.

Пайдаланушы қондырғылары

Бөлме атаулары

Бөлмелерді қайта атау үшін басқа аймақ бар. Бір, таңдалған Бөлмеден басқа олардың бәрі тізімделген.

Анықтама

Онлайн қолдау көрсету

Оны таңдау BluOS онлайн ЖҚС бөліміне бірден апарады.

Қолдау көрсету сұрауын жіберу

Сұрағыңыз болса немесе жөңдей алмайтын ақаулыққа диагностика қюда көмек керек болса, мұнда сіз BluOS қолданбасынан тікелей кішкене көмек алу үшін Қолдау сұрауы формасын толтыра аласыз.

Жаңартуларды тексеру - ойнатқыш


Ол IMS-4 құрылғысына жасалған кез келген жаңарту үшін BluOS серверлерін тексереді.

Жаңартуларды тексеру - контроллер

Тек жұмыс үстелі қолданбасы. Ол IMS-4 контроллер қолданбасына жасалған кез келген жаңарту үшін BluOS серверлерін тексереді.

Таңбашалар

Тек жұмыс үстелі қолданбасы. Қолжетімді пернетақта таңбашаларының функцияларын тізімдейді.




Ойнатқышты қосу

Тек мобильді қолданба. Желіде қосымша IMS-4 құрылғыларын іздейді. Көбірек бөлмелерді басқару үшін желідегі IMS-4 құрылғыларының ағымдағы санын үлкейту үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

Диагностика

Бастапқыда, бұл IP мекенжайын, қайта нөмірлеу опцияларын, басқа қосылған ойнатқыштарды және статистика коллекциясы үшін опцияны қамтитын кейбір негізгі мәліметтерді көрсетеді (не жиналғаны және құпиялылық мәлімдемелері туралы ақпарат алу үшін "!" басыңыз).

Мұнда білікті BluOS техникі кіре алатын қосымша ақпараты бар "Қосымша" ("More") түймесі бар.



Ақпарат

Ол қолданба нұсқасын, IMS-4 BluOS нұсқасын және лицензияларды көрсетеді.

Зауыттық қалпына келтіру

Құралды зауыттық қалпына келтіру үшін келесі қадамдарды орындау керек:

1. IMS-4 құрылғысынан қуатты ажыратыңыз
2. Құралдың (6-элемент, 2-бет) артындағы қалпына келтіру түймесін басып ұстап тұрыңыз.
3. Түймені басып қуатты қайта қосыңыз, алдыңғы жарық диоды қызыл түспен жыпылықтай бастағанда түймені жіберіңіз.
4. IMS-4 құрылғысы сосын қалпына келтіру мен қайта жүктеу процесінен өтеді.

Техникалық сипаттамалар

IP басқару элементі	BluOS™
Арна нөмірі / Бөлмелер	4 бөлме
Максималды кіріс кернеуі (RMS)	2,2 В
Сигнал-шу қатынасы	110 дБА
Үлгі деңгейі	24 бит/192 кГц-ке дейін
Қолдау көрсетілетін файл форматтары	MP3, AAC, WMA, WMA-L, OGG Vorbis, FLAC, ALAC, WAV, AIFF, MQA, HRA
Қолдау көрсетілетін бұлттық қызметтер	Custom Channels, Sound Machine, QSIC, Spotify Connect, Tidal, Amazon, Qobuz, Napster, Deezer, LiveXLive, Idagio, nugs.net, KKBox, Bugs!, DMH
Қолдау көрсетілетін жұмыс жүйелері	Microsoft Windows 7 SP1 немесе кейінгі, Apple Macintosh OSX 10.7.5 немесе кейінгі
Тегін интернет радио	TuneIn Radio, iHeartRadio, Calm Radio, Radio Paradise, Radio.com
Интеграция серіктестері	Control4, RTI, Crestron, URC, roon
Кіріс қосылымдары	Аналогтық - RCA стерео Сандық SPDIF - Оптикалық (TOSLINK) USB - A түрі (FAT32 форматталған)
Шығыс қосылымдары	Аналогтық - 4 x RCA стерео Сандық SPDIF - 4 x Оптикалық (TOSLINK) 4 x коаксиалды
IP байланысы	RJ45, TCP/IP (1000 Base T)
Пайдаланушы интерфейсі	Тегін Android, iOS, Windows қолданбалары тиісті қолданба дүкенінде қолжетімді
Сөре ұзындығы	1U
Өлшемдері (табандарынсыз) (Б x Е x Д)	43,1 x 438 x 236,1 мм
Биіктігі (табандарымен)	45,1 мм
Сөре кронштейндерін қосқандағы өні	482 мм
Желілік жұмыс кернеуі	100 - 240 В 50/ 60 Гц
Күту режимінде қуатты тұтыну	<1 Вт
Желі күту режиміндегі қуат тұтынуы	<6 Вт
Салмағы	2,8 кг

Барлық техникалық сипаттамаларды Monitor Audio және оның серіктестері ескертусіз өзгерте алады.



Осы IMS-4 құрылғысы AirPlay 2 қолдайды және iOS 11.4 немесе кейінгісін нұсқасын қажет етеді.



Monitor Audio Ltd.

24 Brook Road

Rayleigh, Essex

SS6 7XJ

Англия

Тел: +44 (0)1268 740580

Факс: +44 (0)1268 740589

Электрондық пошта: info@monitoraudio.com

Веб-сайт: www.monitoraudio.com

**Біріккен Корольдікте дизайны жасалған және
жобаланған**

Қытайда жасалған

1-нұсқа. 2020